ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 шілде іс №7119-24-00-2/7471 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Жыбек Жолы» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Жыбек Жолы» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жыбек Жолы» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа

сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 02.07.2024

Дата вступления в законную силу: 12.08.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 14.08.2024

7119-24-3-1/6919